# АКАДЕМИК КҮЛӘШ ОРАЗБЕКОВА ХАНЫМНЫҢ 75 ЖАСҚА ТОЛҒАН МЕРЕЙ ТОЙЫНА ШАШУ ӨЛЕҢ

## КҮЛӘШ –ҒАЛЫМ

Іңкәр көңіл дүниеге ғашықтай,
Сөз сөйлейін дария арнасын тасытпай,
Ғалым – Күләш қос ұлы бар өмірде,
Арманы – асқақ, алтын саха асықтай.

Анашым деп бұлбұл құсын сайратты,
Күләш – Ана, өмір гүлін жайнатты.
Ақсүйек ұл – Президенті «ЭЛИТТІҢ»,
ОРАЗБЕКТІҢ КАЙРАТЫ бар КАЙРАТТЫ!

Айтар болсақ, әрбір сөздің жаны бар,
Дүниенің құлпыратын сәні бар,
Ана көңілін айтпай тұрып ұғатын
Бұл КҮЛӘШТІҢ ЕКІНШІ ҰЛЫ – ӘНУӘР!

Болашағы немерелер ертеңі,
Қауындай бір жайнаған гүл өркені,
Күләш – ғалым қос қанаты сияқты,
Ана үшін қос ұлы да – көркемі.

Күләшті айтып көмкерейін өлеңмен,
Ғалымды осы зерттеуменен келем мен,
Күләш – ғалым, сана менен рухтың,
Адам жанын түсінетін тереңінен.

Әр сөзіне сезімтал жан дір еткен,
Сапарына шыққан аппақ тілекпен,
Әрбір жасы, әрбір белес бір – бір шың,
Бағындырған ғалым – Күләш жүрекпен.
Кешгі кез құлпырған ғой күнінде,
Құстың үні– сайрағандай үнінде,
Үшінші рет жиырма беске шыққандай,
Құлпырады Күләш ғалым Бүгін де!

Келер күнің Бақытына сенейін,
Ақын болып жырмен бата берейін,
ҒАЛЫМ, КҮЛӘШ ҚҰТТЫ БОЛСЫН ТУҒАН КҮН,
ҒАЛЫМ, КҮЛӘШ ҚҰТТЫ БОЛСЫН МЕРЕЙІҢ!!!

**ҚҰРМЕТПЕН, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ҚАЙРАТКЕР, ПАРАСАТ ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ, ФРАНЦ КАФКА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЛТЫН МЕДАЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ЖЫЛ АДАМЫ- АЛТЫН АДАМ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ПЛАТИНА ТАРЛАН СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ,**

**АҚЫН ШӨМІШБАЙ САРИЕВ НАҒАШЫБАЙ ҰЛЫ,**

12-13 НАУРЫЗ – 15 СӘУІР 2016 ЖЫЛ

АЛМАТЫ ШАҺАРЫ

**ҚҰРМЕТТІ ҒАЛЫМ КҮЛӘШ ОРАЗБЕКОВА ҚАРЫНДАСЫМА ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ АВТОГРАФ**

**Сізге тарту еткелі отырған, бұл кітаптың алғашқы данасын «КЕМЕҢГЕРЛІККЕ - 30 ЖЫЛ» АТТЫ ХАЛЫҚ-АРАЛЫҚ ФОРУМДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНЕ ҚҰРМЕТПЕН СЫЙЛАП ЕДІМ.**

**Енді Сізге құрметпен «СӘЛЕМ, САҒАН ТУҒАН ЕЛ» кітабымның Авторлық данасын сыйлай отырып, айтарым бұл кітаптың басқа кітаптардан ерекшелігі –тұсау кесер тойы Нью-Йорк қаласында «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ФОРУМЫНДА» өтуі.Кітаптың екінші ерекшелігі – Қазақ ақындары ішінде бірінші рет ән-өлеңдері нотасымен жарық көруі.**
**Елге танымал барша Қазақ композиторлары мен барша Қазақ әншілері атсалысқан...**

**Осындай қомақты ақындық шығармашылығым «СӘЛЕМ, САҒАН ТУҒАН ЕЛ» кітабымды құрметпен сыйлай отырып, Отбасыңыздың аман болуына, Мерей-мәртебеңіздің үстем болуына Ақындық жүрегіммен тілектестігімді білдіремін!**

**Құрметпен, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Бірінші дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің иегері, «Франц Кафка атындағы халықаралық Алтын медаль» сыйлығының лауреаты, «Жыл Адамы – Алтын Адам» сыйлығының лауреаты, «Платина Тарлан» сыйлығының және «Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлығының лауреаты, АҚЫН-ҒАЛЫМ ШӨМІШБАЙ САРИЕВ НАҒАШЫБАЙҰЛЫ**

**Алматы шаһары 30 желтоқсан 2020 жыл**

**ҚҰРМЕТТІ «ҚАЗАҚ ҰЛТЫ», «ЖАН СЫРЫ», «АДАМТАНУ» АТТЫ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫ ҰЛАҒАТТЫ ЖҮРЕКПЕН ЗЕРТТЕГЕН ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ОЙШЫЛ ҚЫЗЫ, ҚОС БІРДЕЙ АКАДЕМИК КҮЛӘШ ОРАЗБЕКОВА ХАНЫМҒА АРУЛАР КҮНІ ЖАЗЫЛҒАН АВТОГРАФ**

АБАЙ ОПЕРА-БАЛЕТ ТАЕТРЫНДА ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНДА ӨТКЕН менің МЕРЕЙ ТОЙЫМА арналған осы бір кітабымды қазақтың қамын ойлайтын тұлғалы ғылым қайраткері ретінде қастерлеп, кітабымның Авторлық данасын сыйлаймын.АРУЛАР КҮНІ, АНАЛАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІ ҚҰТ-БЕРЕКЕ ӘКЕЛСІН.

Бір кездері ҒАБИТ МҮСІРЕПОВКЕ, СӘБИТ МҰҚАНОВ, ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ-СЫНДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА арналған Ғылыми конференциялар өтуші еді. Соның жалғасы ретінде Менің Шығармашылығыма арнап Ғылыми конференция өтті.Бұл мен туралы ұжымдық ой-пікір.

Ғылыми орта, әдеби орта және зиялы қауым менің Шығармашылығымды бағалаған "АҚЫН-ДЫҚ - МҰРАТ, ҒАЛЫМДЫҚ - ПАРАСАТ" атты Рес-пуликалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары,

Сонымен қатар менің Мерей тойыма жолдаған ЕЛБАСЫМЫЗДЫҢ құттықтауынан бастап, ГҮЛШАРА ӘБДІХАЛЫҚОВА, ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ, ҚАЙРАТ МӘМИДІҢ, МИНИСТРЛЕРДІҢ, ОБЛЫС ӘКІМ-ДЕРІНІҢ, АКАДЕМИК ҒАЛЫМДАРДЫҢ, жалпы Зиялы қауым құттықтаулары басылған, Ғылым ордасы шығарған кітабым.

Осы дүниемді сыйлай отырып, СІЗДЕРГЕ ҰЗАҚ ҒҰМЫР, ОТБАСЫҢЫЗҒА АМАНДЫҚ, ЕЛ АЛДЫНДАҒЫ, ҚЫЗМЕТТЕРІҢДЕГІ АБЫРОЙ МӘРТЕБЕ-МЕРЕЙДІ АҚЫНДЫҚ ЖҮРЕГІММЕН ТІЛЕЙМІН!

Құрметпен, Қазақстанның Еңбегі сіңген қайрат-кері, Парасат орденінің иегері, Франц Кафка атын-дағы халықаралық Алтын медаль сыйлығының лауреаты. Жыл Адамы - Алтын Адам" сыйлығының лауреаты, Платина Тарлан сыйлығының лауреаты, Түркі әлемі - ТУРКСОЙДЫҢ ҰЛЫ АҚЫН ТОҚТАҒҰЛ атындағы халықаралық сыйлығының иегері,

АҚЫН-ҒАЛЫМ ШӨМІШБАЙ САРИЕВ
НАҒАШЫБАЙ ҰЛЫ
7 НАУРЫЗ 2017 ЖЫЛ.
АЛМАТЫ ШАҺАРЫ.

**ҚҰРМЕТТІ КҮЛӘШ АЙТМОЛДАҚЫЗЫ ХАНЫМ!**

Сізді Қазақтың бір туар қызы ретінде құрметтеп, «АЙНАЛДЫМ СЕНЕН, АТАМЕКЕН-АЙ» атты кітабымды Өзіңізге тарту етіп, сыйлаймын.

Бұл кітап Қазақ ақындарының ішінде Ән-өлеңдері нотасымен жарық көрген тұңғыш кітап. Кітап сонысымен құнды! Мәдени мұралар сериясына кіретін дүние. Әсет Бейсеуов, Тілес Қажығалиев, «Әлияны» жазған Сейдолла Бәйтереков-сынды, «ҚҰРЛЫСШЫЛАР ГИМНІН» жазған қазіргі Ескендір Хасанғалиев, Кеңес Дүйсекев, Төлеген Мұхамеджанов, Алтынбек Қоразбаев, Мұрат Құсайынов, Владимир Питерцев, Дүйсенхан Сыздықов, Бейбіт Оралұлы-сынды композиторлардың шығармалары, сонымен қоса әншілер Роза Рымбаева, Әлібек Дінішев, Лаки Кесоглы, Мақпал Жүнісова, Бағдат Сәмединова, Бақыт Шадаева, Асхад Үрпеков, Нұрлан Өнербаев-сынды т.б. әншілердің, «Дос-Мұқасан», «Мұзарт», «Жігіттер», «Ринго» топтарының ең сүйікті ән-өлеңдері енді.

Құрметті КҮЛӘШ АЙТМОЛДАҚЫЗЫ! Осы бір еңбегімді Сізге тарту ете отырып, Өзіңізге, балаларыңызға, немерелеріңізге дүниедегі бар жақсылықтарды тілеймін.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ, ПАРАСАТ ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ, ФРАНЦ КАФКА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЛТЫН МЕДАЛЬ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ПЛАТИНА ТАРЛАН СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ,**
**АҚЫН ШӨМІШБАЙ НАҒАШЫБАЙҰЛЫ САРИЕВ**

**8 НАУРЫЗ 2012 жыл**

**Алматы қаласы**

**АКАДЕМИК КҮЛӘШ ОРАЗБЕКОВА ХАНЫМНЫҢ 75 ЖАСҚА ТОЛҒАН МЕРЕЙ ТОЙЫНА ШАШУ ӨЛЕҢ**

## КҮЛӘШ –ҒАЛЫМ

Іңкәр көңіл дүниеге ғашықтай,
Сөз сөйлейін дария арнасын тасытпай,
Ғалым – Күләш қос ұлы бар өмірде,
Арманы – асқақ, алтын саха асықтай.

Анашым деп бұлбұл құсын сайратты,
Күләш – Ана, өмір гүлін жайнатты.
Ақсүйек ұл – Президенті «ЭЛИТТІҢ»,
ОРАЗБЕКТІҢ КАЙРАТЫ бар КАЙРАТТЫ!

Айтар болсақ, әрбір сөздің жаны бар,
Дуниенің құлпыратын сәні бар,
Ана көңілін айтпай тұрып ұғатын
Бұл КҮЛӘШТІҢ ЕКІНШІ ҰЛЫ – ӘНУӘР!

Болашағы немерелер ертеңі,
Қауындай бір жайнаған гүл өркені,
Күләш – ғалым қос қанаты сияқты,
Ана үшін қос ұлы да – көркемі.

Күләшті айтып көмкерейін өлеңмен,
Ғалымды осы зерттеуменен келем мен,
Күләш – ғалым, сана менен рухтың,
Адам жанын түсінетін тереңінен.

Әр сөзіне сезімтал жан дір еткен,
Сапарына шыққан аппақ тілекпен,
Әрбір жасы, әрбір белес бір – бір шың,
Бағындырған ғалым – Күләш жүрекпен.